

## Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында 2011-2012 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі № 163 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 13 мамырда № 6956 тіркелді

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жалпы орта білім беру ұйымдарында 2011-2012 оқу жылының басталу мерзімі 2011 жылғы 1 қыркүйек болып анықталсын.

Оқу жылының ұзақтығы мектепалды дайындық сыныптарында – 32 оқу аптасын, бірінші сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11(12)-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Оқу жылы барысында каникулдар:

- 1-11(12)-сыныптарда: күзгі каникул – 8 күн (5-12 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (30 желтоқсан – 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 12 күн (21 наурыз – 1 сәуірді қоса алғанда);

- мектепалды даярлық сыныптарында: күзгі каникул – 8 күн (5-12 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 14 күн (28 желтоқсан - 10 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 15 күн (21 наурыз – 4 сәуірді қоса алғанда);

- мектепалды даярлық сыныптары мен бірінші сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2 – 8 ақпанды қоса алғанда) мерзімінде белгіленеді.

2. 2011 жылғы 1 қыркүйекте барлық жалпы орта білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жыл толуына арналған «Тәуелсіз Қазақстан: бейбітшіліктің, келісімнің және жасампаздықтың 20 жылы» тақырыбында сабақ өткізілсін.

3. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Б.С. Кәрімжанов):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің директоры Б.С. Кәрімжановқа жүктелсін.

Министр

Б. Жұмағұлов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК